

Бекітемін:

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Менгерушісі:

Баймолдина К.К.



Келісілді:

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Әдіскері:

Конопьянова А.К.

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Мектепалды даярлық тобына арналған

ұйымдастырылған іс – әрекеттің циклограммасы

2024 – 2025 оқу жылына

Тәрбиеші: Сыдыкова Д.С

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қазан айы 2024жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 30.09.2024	Сейсенбі 01.10.2024	Сәрсенбі 02.10.2024	Бейсенбі 03.10.2024	Жұма 04.09.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Балалармен әңгімелесу, демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендерін сұрау. (сөйлеуді дамыту). Құрастыру, мүсіндеу, жапсыру және сурет салу құралдары салынған төрт қорапты көрсетіп қалаған қорапты алып өз еркімен еркін ойнауына, іс-әрекет жасауына жағдай жасау. Апта дәйексөзі «Тәртіпке бас иген құл болмайды» Б. Момышұлы.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендері туралы әңгімелесу Апта дәйексөзін көрсетіп, үйде балалармен тәртіп туралы әңгімеслесуін ұсыну.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы				
	«Қауіпсіздік ережелері» қоғамдық орындардағы тәртіп туралы әңгімелесу. Суреттер арқылы ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге	«Күй күмбірі» - ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту,	Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Апта дәйексөзін жаттау. Мағынасын түсіндіру. Тәртіп дегеніміз не? сұрағына балалардың жауаптарын білу. «Тәртіпке бас иген құл болмайды» Б. Момышұлы	Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Балалармен жеке жұмыс Үстел үсті ойындары (пазлдар, роботехника құралдары, шашка). Ұлттық ойын	Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді

	үйрету.	музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы		«Бестемше» ойынын ойнату. •	қалыптастыру
Ертеңгілік жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетілідіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды пысықтау. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуға дағдыландыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері «Жүректен жүрекке» Біздің топта ұл қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз. Айналаға, бар адамға Тек мейірім сыйлаймыз. Балалардан сезінген әсерлерімен бөлісуді ұйымдастырып, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін тандау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <i>Жүру:</i> ересектің	Музыка Көркем әдебиет «Күзгі өнім көкөністер»	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <i>Жүру:</i> ересектің	Музыка Сөйлеуді дамыту Жемістер Мақсаты: Жемістердің	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <i>Жүру:</i> ересектің

белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; <i>Жүгіру</i>: жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; <i>Секіру</i>: бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру <u>Қимылды ойын</u>: Секіріп жүріп, допты ұста Сөйлеуді дамыту «Күзгі бақ өнімдері» Мақсаты: олар туралы не білетіндерін сұрау. Міндеттері: Балалардың не білгісі келетінін анықтау. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын	Мақсаты: Күзгі өнім көкөністер туралы әңгімелесу. Міндеттері: Көкөністер туралы ертегі оқып беру. Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. Сауат ашу негіздері «Сөз" және "дыбыс" Мақсаты: терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Міндеттері: Сөз құра дидактикалық ойыны. қолды жазуға дайындау: жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Сурет салу мүсіндеу Жапсыру, құрастыру «Ертегі» Мақсаты: Бейнені айқындау құралдарын, ересектердің еңбегін, қоғамдағы оқиғаларды	белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; <i>Еңбектеу, өрмелеу</i>: бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту <i>Секіру</i>: бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру <u>Қимылды ойын</u>: Жүгіріп өт <u>Спорттық жаттығулар</u>: Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу.	суретін қарау. Міндеттері: Олардың ерекшеліктері туралы айтып беру. Сүйікті жемісі туралы білетін тақпақтарын айтқызу. Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту, айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г – ғ, л – р, ж – з, с – з, ж – ш, н – ң, х – һ дыбыстарын естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға үйрету Сауат ашу негіздері Өсімдіктер Мақсаты: Бөлме (топта бар) өсімдіктерінің балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. Міндеттері: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды. қолды жазуға дайындау: жазу кезінде арқаны	белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; <i>Лақтыру, қағып алу, домалату</i>: 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру <i>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру</i>: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру <u>Қимылды ойын</u>: Аюлар мен аралар Көркем әдебиет «Күз» келді. Мақсаты: тақпақты жаттау. Міндеттері: Қарашы күз келді, күз келді Жапырақ жауыпты іздерді. Құс біткен керуен тізеді, Қара бұлт қабағын түйеді. деп тақпақты оқып. Балалардың дауыс ырғағымен
---	---	--	--	--

	байланыстырып құра білуге үйрету. Әр түрлі ойыншықтарды пайдаланып, өз ойларынан күзгі бақ туралы ертегі құрау. Математика негіздері "Бір" Мақсаты: бір туралы түсінік қалыптастыру. Міндеттері: "Бір" деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін таныстыру. Күзгі бақ өнімдерінің ішінен бір біреуден таңдау. Оны таразыға салып салыстыру Қоршаған ортамен таныстыру «Күзде» Мақсаты: табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын	қолдана отырып, балаларды табиғаттан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету. Міндеттері:Ертегі желісі бойынша ұжымдық сурет салу, көкөністерді қиып жапсыру және мүсіндерін жасау. Құрастыру ойыншықтарымен ойын .	Сауат ашу негіздері «Сөз" және "дыбыс" Мақсаты: Сөз бен дыбыс туралы түсініктерін жетілдіру. Міндеттері: терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыруды жетілдіру.Қолды жазуға дайындау: жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру Қазақ тілі Тәртіпті бала қандай бала? Мақсаты:Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Міндеттері: Өз ойын жайылма	дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру Қоршаған ортамен таныстыру Бөлме өсімдіктері Мақсаты: Бөлме (топта бар) өсімдіктерінің жаңа түрлерімен таныстыру. Міндеттері:өсімдіктердің атауы, сыртқы түрі, құрылысы, күтім жасау тәсілдері. Бірлесе күтім жасау.	мәнерлей оқуға, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға дайындау.Өлең мазмұнына деген қатынасын білдіруге, тілдің бейнелілігін сезінуге баулу. Қазақ тілі «Күз» Мақсаты: суреттерді кітаптардан қарау. Міндеттері: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауды үйрету (басы, ортасы, соңы). Математика негіздері «7 саны» Мақсаты: 7 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. Міндеттері:Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және сынық сызықтарды дәптердің тор көзіне сызуға
--	---	---	--	---	---

	ажырата білуге үйрету. Міндеттері: Күз ерекшеліктері туралы фильм көру. Жапырақты зерттеу.		сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Математика негіздері «7 саны» Мақсаты: Көрнекілік негізінде 2, 3, 4, 5, 6 санының пайда болуымен таныстыру. Міндеттері: 7 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. Көкөністерді санау. Кері санау. «Артығын тап» дидактикалық ойынын ойнау. Карточкалардағы тапсырмаларды орындау.		үйрету. Карточкалармен жұмыс. Дидкатикалық ойын «көршісін тап»
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (Қарым-қатынас және еңбек әрекеті, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Жас метеоролог» іс әрекеті. Балабақша ауласындағы	«Жас метеоролог» іс әрекеті. Метеоалаңдағы бақылаулар. (Танымдық, эксперименталдық	Саяхатқа шығу, күзгі баққа бару. Саяхат кезінде алған әсерлерін суретте бейнелеу; ермексаз бен түрлі түсті қағаз	Күзде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқау, метестанция құрылғысын таныстыру. Айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету.	Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту, "өлі табиғат" ұғымы тас, су, жел, күннің көзі, жаңбыр туралы не


	метеоалаңмен таныстыру. Ауа райын бақылау. Желдің бағытын анықтау. (танымдық іс-әрекет) Балабақша ауласындағы өсімдіктер мен ағаштарға күтім жасау, жапырақтарды жинауға көмектесу. (еңбек іс-әрекеті) Еркін ойындар. Қимылды ұлттық ойын «орамал тастамақ»	іс-әрекет) Бақылау. Мақсаты: Бақша ауласында өсетін жемістер мен көкөністерді бақылау. Жеміс ағаштарын тану. Олар туралы не білетіндерін достарына айтып беру. (Қарым-қатынас іс-әрекеті және танымдық іс-әрекет) Күзгі ағаштарға қарап молбертте сурет салу (бейнелеу іс-әрекеті) Ұлттық ойын: «Арқан тарту» Еркін ойындар	пайдалану. (Шығармашылық іс-әрекет) Көңілді музыкамен сергіту сәтін жасау. (Музыка) Ағаштардан түскен бұталар мен жапырақтарды қолданып әр түрлі құрылымдар құрастыру, еркін ойындар ойнау. (танымдық іс-әрекет) Ұлттық ойын: «Асық ойыны»	Бөлме өсімдіктерімен даладағы өсімдіктерге жасалынатын күтімді салыстыру. (зерттеу және танымдық іс-әрекет) Қимылды ойын «Тышқан ұстаушы» Ұлттық ойын: «Белбеу тастау»	білетіндерін сұрау. Өлі табиғат заттарын жинау. (зерттеу іс-әрекеті) Қимылды ойын «аққу қаздар» Еркін ойындар Қимылды ойын «орамал тастамақ» «Жас метеоролог» іс әрекеті. Метеоалаңдағы бақылаулар. (Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаңштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, тамақтану кезінде сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз.				

	Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. «Толағай» ертегісін оқып беру (көркем әдебиет) «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенді қимылдар) Киімдерін ретгілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар) . Табиғи ресурс суға ұқыпты қарауды, үнемді жұмсауды үйрету.				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Серуенде жинап алып келген жапырақтарын лупамен , жарық түсіру арқылы зерттеру. табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (зерттеу іс-әрекеті)	Көкөністер мен жемістердің айырмашылығы. Дәмі, көлемі түсі туралы өздігінен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. (зерттеу іс-әрекеті) Балалардың қалауы бойынша ермексазбен,	Өз өзіне көмектес бастамасымен топтағы тазалық жұмыстары. (еңбек іс-әрекеті) Қандай тазалық жұмысын жасағанын бейнелеу. (бейнелеу іс-әрекеті)	Балаларға қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру. Серуен кезіндегі бақылаудан кейін ағаштың күзгі жапырақтардан алған эсерлерін суретте бейнелеу; қылқаламмен	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауы. Терезеге карап, күзгі табиғатты бейнелеу. (Бейнелеу іс-әрекеті) Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру.

	Балалардың қалауы бойынша жапырақтарды бастыру әдісі арқылы суретін салу. Ермексаздан ағаштар мен жапырақтар жасап, әр баланың ағашын жинап ортаға қойып, күзгі бақты жасау. Түрлі түсті қағаздарды қиып жапырақтар жасап, ағаштардың арасына салу. (Шығармашылық іс-әрекет), (бейнелеу іс-әрекеті)	түрлі түсті қағазбен шығармашылық жұмыстар (Шығармашылық іс-әрекет),		қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету. (бейнелеу іс-әрекеті) Ертегілерді үтел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Табиғи материалдардан экибано құрастыру (Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Кітаптар қарау, күз туралы әңгімелесу.	Балабақша аумағында шашылып жатқан ағаш	Бүгін күн бойында қандай іс әрекет	Қимылды ойын «Қу түлкі»	Қимылды ойын «Қармақ»

	(Қарым-қатынас іс-әрекеті) Көңілді музыкаға ырғақты би қимылдарын жасап, көңіл көтеру. Өздері ұнататын әндерді айтқызу. (Музыка)	бұталарын жинау. (еңбек іс-әрекеті)	есінде қалғанын бір біріне әңгімелеп айтып беруін ұйымдастыру. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) «Мен не білемін» ойыны. Бүгін не үйренгенін әр түрлі заттарды пайдаланып айтуды ұйымдастыру. (зерттеу іс-әрекеті)	Ауланы таза ұстау керектігін, аула сыпырушының еңбегін бағалауды түсіндіріп, сүсепкішті пайдалануды үйрету. (танымдық, еңбек іс-әрекет) Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»	Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»
--	---	--	---	--	---

Үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»

БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР Дауыстарын қайтала. Аң біткенмен алысқан Ақырады арыстан: А-а-а-а-а Нәзік дауысы қозының Естіледі алыстан: Мә-ә-ә-ә-ә Дөңгелетіп аузыңды, Жұншкерттіп даусыңды. Бұзауың деп ойла да, Дауысын оның қайтала: Мо—ө-ө-ө		Ойын. «Жоғарыда–төменде, биік-аласа» Максаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру Жасы: 5-6 жас аралығы Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған. Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.			
Балаларды үйге қайтару	«Өнегелі 15минут» Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу	«Өнегелі 15минут» Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз	«Өнегелі 15минут» - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйресте беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	«Өнегелі 15минут» Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	«Өнегелі 15минут» - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп баланызды сүйіп, айналып, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тексерген: Конопьянова А.К

Handwritten signature